

## Кәдімгі бөріқарақатты тұқыммен көбеюту

Арстанғалиева Бибиғуль Булановна

Облыстық экологиялық-биологиялық орталағының  
қосымша білім беру педагогы

Мақсаты: қарапайым бөріқарақаттың тұқымдық таралу әдісіне төмен температураның әсерін анықтау.  
Міндеттер:

- декоративті ағашты-бұталы тұқымдардың оқу-үлескелерін көгалдандыру үшін ассортименттерін көбейту;

- кәдімгі бөріқарақатты тұқыммен көбеюін отырғызу материалын алу;

- жергілікті жерге өсіруге болатын мықты, күшті көшеттер алу;

Зерттеу тақырыбы: кәдімгі бөріқарақатты тұқыммен көбеюту

Гипотеза: тұқымдарға төмен температура әсер еткен кезде қарапайым бөріқарақат өсіруге болады деген болжам.

Ақтуалдығы

Менің зерттеу жұмысым тәлімбақта кәдімгі бөріқарақатты тұқыммен көбеюі жолдары жайдан жай алынған жоқ. Себебі қазіргі уақытта Қазақстанда жасыл көшеттермен барлық ұйымдарды, елді мекендерді, мектеп аулаларын көгалдандыру жұмыстарын рационалды көбеютуге көп көңіл бөлуде.

Жасылдандыру жұмыстарын шешуге жолдары жастардың қолында. Тәлімбақта өзінің өсірген көшеттерін көгалдандыру жұмыстарына пайдалануға септігін тигізеді.

Білім өте ауқымды болу керек сонда ғана дұрыс нәтижелі шешу жолдарын өз бетімен жүзеге асыруға болады. Бұл зерттеу жұмысы декоративті ағашты-бұталы тұқымдардың көбеюіне оңтайлы әдіс табуға, көшеттердің бойын, өсуін бақылауға және келешекте ағаш түрлерінің таралуына көмегі зор.

Зерттеу әдістері:

1. Теориялық (әдебиеттерді талдау);

2. Тәлімбақта, үлескеде практикалық зерттеулер;

3. Нәтижелерді талдау.

1. Теориялық (әдебиеттерді талдау);

Кәдімгі бөріқарақат немесе Зерек (лат. *Berberis vulgaris*) — Бөріқарақат тұқымдасына жататын бұталы өсімдік.

Ол бұтақты болады да жапырақтары спираль тәрізді бұралып өседі. Ұзындығы 1-2 метрге дейін жетеді. Тамыры ағашқа ұқсас, жерге тармақталып тарайды да, бұтақтары үшке бөлініп түйінделіп өседі, олардың қысқа бұталарында жапырақтар шоғыры болады. Желектері мен аталықтары тостағанша жапырақшаларға қарсы орналасады, төменнен жоғары қарай ашылады. Жемісі – қызыл түсті,

сопақша миуа.

Таралуы

Орта Азияда, Ресейдің Еуропалық бөлігінде және Кавказда өседі. Жатаған тауларда, қалың орманды, өзенді сайларда, жылғаларда, бөктер тау беткейлеріндегі бұталар арасында өседі.

Жинау және өңдеу әдісі

Тамыры, қабығы және жемісі дәрі болады. Тамыры мен қабығын жылдың әрқандай мезгілінде, көбінесе көктем, күз айларында жинап алып, тазалап, жапырақтап турап кептіреді. Тамыры және сабағының қалың қабығының астындағы сары астары сары дәрі болады.

Басты ем болатын аурулары және пайдаланылуы  
Бактериалық дизентерияға, ішек асқазан қабынуға: сары ағаштан 15 г-ды суға қайнатып ішеді.

Қайталамалы сүзекке: сары ағаштан 2 г турап, оны 10 л суға қайнатып, 5 л қалғанда әр ретте 100 мг-нан күніне 2-3 рет ішеді.

Кеңірдекшенің созылмалы қабынуына: сары ағаш 30г, тұт ағаш (шелковица)

Ауыз ойылуға, тамақ ауруына: сары ағаш тамырынан 15 г-ды суға қайнатып, ауызды күніне бірнеше рет шаяды

Зерттеу жұмысының барысы

Тұқыммен көбеюі - көптеген өсімдіктерді көбейтуге қарапайым, сенімді ең қолайлы әдіс. Көптеген өсімдіктердің тұқымдарды еге салысымен бірден шыға қоймайды. Сондықтанда нәтижелі болу үшін В.И. Некрасовтің «Тұқымдарды төмен температурада өңдеу» әдісін қолдандым.

Осы әдіске сәйкес тұқымдары қосымша әлі пісіп жетілуге тиіс, сондықтан стратификацияланады.

Стратификацияның әдісі көп принцип біреу: тұқымды ылғалды жағдайда оңтайлы температурада әр өсімдікке сай мерзімде ұстау қажет.

Менің таңдаған стратификациялық әдісім табиғи жағдайда ашық грунтта тұқымды егу. Кәдімгі бөріқарақат тұқымын бірден ағаштан теріп алып, 2019 жылдың 4 қараша күнінде облыстық экологиялық-биологиялық орталығының тәлімбағында ектім.

Облыстық экологиялық-биологиялық орталығының оқу-тәжірибелік үлескесінде 10 жылдан астам уақыт өсіп тұрған кәдімгі бөріқарақат ағаштан тұқым алдым.

Бөріқарақаттың тұқыммен егілуі

Жыл бойы кәдімгі барбарис кішкене көшеттеріне тиісті қажетті агротехникалық шаралар жүргізілді:

Сетевое издание SEVIBA: Образование | SEVIBA.KZ

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания

№КЗ93ВРУ00020180 выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития РК 11.02.2020 г.

су құю, қопсыту, арамшөптерді жұлу сонымен қатар көшеттің бойының өсуі дамуына бақылау жасалынды. Тәжірибе бөлімнің көлемі 1,5м<sup>2</sup> 3 бөлімнен тұрады. Тұқым 3 см тереңдікке егілді.

Тұқыммен шыққан кәдімгі бөріқарақат

Күзде қарапайым бөріқарақаттың таралуы төмен температурада өңдеу әдісін қолданған кезде өте тиімді нәтиже берді. Бөріқарақат-бұл жай сәндік мәдениет емес. Ол басқа салаларда қолданылады. Өсімдіктің жемістері әлемнің көптеген елдерінде дәмдеуіш ретінде қолданылады. Асхана жабдықтарынан басқа, бөріқарақат жидектері антисептикалық және бактерияға қарсы қасиеттерге ие. Олар

вирустық инфекциямен күреседі, гипертониямен, әртүрлі инфекциялармен, адам паразиттерімен, тері ауруларымен күресуде көмекші құрал ретінде қызмет етеді. Бөріқарақат құнды сәндік қасиеттерге бай жасыл құрылыста кеңінен қолданылады. Бөріқарақат бұталары 2-3 метрге жетеді, қою жасыл жапырақты. Бұтақтарда өткір инелер бар сабақтар. Күзде бұталарда қызыл жемістер көп. Бөріқарақат халықтық медицинада қолданылады, өйткені оның құрамында пайдалы алкалоид — берберин бар. Бұл тәжірибем әлі де нәтиже беру үшін биылғы жылы күзе тағы да облыстық экологиялық-биологиялық орталығының тәлімбағында егіледі.